

## Ш ЖӘНЕ Ш' ДЫБЫСТАРЫН АВТОМАТИЗАЦИЯЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

### Ш, Ш' дыбысына арналған артикуляциялық жаттығулар

1. «Сыбызғы» - күшпен ерінді алға қарай тарту.
  2. «Дөнгелекше» - жоғарғы және төменгі еріндерді сүйірлету, тістердің арасын ашу.
  3. «Тентек тіл» - жымыып, жеңіл түрде тілдің ұшын тістейміз.
  4. «Күрекше» жалпақ тілді ауыз қуысынан шығарып, төменгі ерінге салып 10-15 секунд ұстап тұру керек. Тілді қимылдатпай ұстап тұруын қадағалау керек.
  5. «Алтыбақан» тілді жіңішкертіп ұстап кезекпен мұрынға, иекке қарай созу. Бірақ ауызды ашып ұстау керек. Осылайша 15 рет қайталау қажет.
  6. «Кесе» ауыз кең ашық. Жалпақ тілді жоғары тіске қарай тілдің жандары мен ұшын «кесе» формасында жоғары көтеріп 10-15 секунд ұстап тұру керек. Бірақ тіл тіске тимеуі керек.
  7. «Жоғарғы жоғарғы тістерді тазалаймыз» - жымыып, ауызды ашып, тілдің ұшымен жоғарғы тістердің ішкі жағын “тазалаймыз”. Қимыл жоғары-төмен және оңға-солға болады.
  8. «Төбені сырлаймыз» – ауызды ашып, тілдің ұшын артқа-алдыға қарай бағытта қатты таңдайда жүргіземіз.
  9. «Сиқыршы» - мұрынға мақта жапсырамыз. Содан кейін тілді шығарып, кесе жасаймыз да мақтаны үрлеп түсіреміз.
- Ескерту:** автоматизация дыбыс қойылғаннан кейін жүргізіледі, сондықтан дыбыс қате айтылған жағдайда баланың есіне салып, дыбысты жөндеп отыру қажет.

### [Ш] дыбысын автоматизациялау

1. Буындарды қайталау:

ША – ША – ШЫ	ШЫ – ШЫ – ША	ШҰ – ШҰ – ШО
	ШҰ – ШУ – ШУ	
ША – ШЫ – ШЫ	ШЫ – ША – ША	ШҰ – ШО – ШО
	ШО – ШҰ – ШУ	
ША – ШЫ – ША	ШЫ – ША – ШЫ	ШО – ШУ – ШУ
	ШУ – ШУ – ШҰ	

2. Буындарды қайталау (егер бала берілген буындар қатарын бірден қайталай алмаса, онда әрбір буынмен жеке жұмыс жасаймыз):

ША – ШО – ШУ – ШЫ	АШ – ОШ – УШ – ЫШ
ШО – ШУ – ША – ШЫ	ОШ – УШ – ЫШ – АШ
ШУ – ША – ШЫ – ШО	УШ – ЫШ – АШ – ОШ
ШЫ – ШУ – ШО – ША	ЫШ – ҰШ – ОШ – УШ
ША – ШЫ – ШО – ШУ	ҰШ – УШ – ОШ – ЫШ

ШҰ – ШО – ШО – ШҰ

3. Буындарды қайтала және сөзді айт (2-3 реттен):

ША

ша – ша – ша – шана  
ша – ша – ша – шабан  
ша – ша – ша – шам  
ша – ша – ша – шап  
ша – ша – ша – шапан  
ша – ша – ша – шаш

ша – ша – ша – шаңғы  
ша – ша – ша – шаған  
ша – ша – ша – шаң  
ша – ша – ша – шат  
ша – ша – ша – шай  
ша – ша – ша –

шапқы

ша – ша – ша – шанышқы  
ша – ша – ша – қаша

ша – ша – ша – аша  
ша – ша – ша –

тамаша

ша – ша – ша – Тазша

ша – ша – ша – оңаша

ШЫ

шы – шы – шы – шын

шы – шы – шы –

шыбын

шы – шы – шы – шыбық

шы – шы – шы –

шыны

шы – шы – шы – шыт

шы – шы – шы –

қойшы

шы – шы – шы – аңшы

шы – шы – шы –

қақпашы

шы – шы – шы – қайшы

шы – шы – шы –

бақташы

шы – шы – шы – сақшы

шы – шы – шы –

ойыншы

шы – шы – шы – қамшы

шы – шы – шы –

тамшы

шы – шы – шы – сыншы

ШҰ

шу – шу – шу – шуақ

шу – шу – шу –

шумақ

шу – шу – шу – ашу  
шу – шу – шу – шашу

шу – шу – шу – қашу  
шу – шу – шу – құшу

ШҰ

шұ – шұ – шұ – шұнақ

шұ – шұ – шұ –

шұбат

шұ – шұ – шұ – шұқы

шұ – шұ – шұ – Шұға

ШО

шо – шо – шо – шот

шо – шо – шо –

шопан

шо – шо – шо – Шота

шо – шо – шо –

шошқа

шо – шо – шо – шоқ  
шо – шо – шо – Шоқан

шо – шо – шо – Шона  
шо – шо – шо –

шомшы

4. Буындарды қайтала және сөзді айт (2-3 реттен):

**АШ**

аш – аш – аш – ашық  
аш – аш – аш – паш  
аш – аш – аш – шаш  
аш – аш – аш – Айнаш

аш – аш – аш – ағаш  
аш – аш – аш – қаш  
аш – аш – аш – Имаш  
аш – аш – аш – адаш

**ЫШ**

ыш – ыш – ыш – қыш

**ОШ**

ош – ош – ош – ошаған  
ош – ош – ош – қош

ош – ош – ошақ

**ҰШ**

ұш – ұш – ұш – ұшақ

ұш – ұш – ұш –

ұшқыш

ұш – ұш – ұш – құш

ұш – ұш – ұш –

ұштағыш

5. Тек сөздің басы айтылады, ал бала оған ш дыбысын қосып аяқтайды және сөзді толығымен айтады:

паш  
қа...

Има...  
Айна...

құ...  
қо...

ада...  
Ая...

6. Сен баста, ал мен аяқтаймын (бала буындарды айтады, ал ересек қажетті буынға екпін түсіріп, сөйлемді аяқтайды):

Ша – ша – ша – қыстың түні тамаша.

Ша – ша – ша – біз кидік шапан.

Ша – ша – ша – ақын біздің Тазша.

Шы – шы – шы – мен ұстадым қайшы.

Шу – шу – шу – иттен қашу.

Шы – шы – шы – эне кетті аңшы.

Шы – шы – шы – қой бағады қойшы.

Шү – шү – шү – мен құйдым шүбат.

Ескерту: Осы мәтінді бала толық есіне сақтаған кезде, баламен бұл мәтінді рөл алмасу арқылы орындауға болады.

7. Сөздерді қайталап шық және аталған сөздердің ішіндегісінің қайсысы жеуге жарамды қайсысы жарамсыз екендігін ата. Бұл жердегі ең дәмді не екен?

сызғыш  
ұшақ

шана

шапан

тоқаш

шкаф

ағаш

8. Қайталауға арналған сөздер:

Сызғыш, шана, шапан, шкаф, тоқаш, ағаш, ұшак, ұшқыш, ұштағыш, қыш, аңшы, қойшы, шам, шаң, шабан, шыбын, шай, аша, қаша, қақпашы, сақшы, сыншы, бақташы, шұбат, қайшы, шопан, қамшы, шанышқы, шаш, шыт, шошқа, шың.

**[Ш'] дыбысын автоматизациялау**

1. Буындарды қайталау (егер бала берілген буындар қатарын бірден қайталай алмаса, онда әрбір буынмен жеке жұмыс жасаймыз):

ШИ	ШИ – ШИ – ШЕ	ШИ – ШИ – ШИ	ШЕ – ШЕ – ШЕ
ШЕ	ШӘ – ШЕ – ШҮ	ШИ – ШИ – ШИ	ШЕ – ШИ – ШЕ
ШӨ	ШЕ – ШЕ – ШӘ	ШЕ – ШӘ – ШЕ	ШҮ – ШҮ – ШҮ
		ШӨ – ШҮ – ШӨ	

2. Буындарды қайталау (егер бала берілген буындар қатарын бірден қайталай алмаса, онда әрбір буынмен жеке жұмыс жасаймыз).

ҮШ	ШӘ – ШЕ – ШИ – ШҮ	ИШ – ЕШ – ШИ – ШИ
ҮШ	ШЕ – ШҮ – ШИ – ШӨ	ӨШ – ӨШ – ӨШ – ӨШ
ИШ	ШҮ – ШҮ – ШҮ – ШӨ	ИШ – ИШ – ӘШ – ӘШ
ӨШ	ШӘ – ШӘ – ШИ – ШИ	ЕШ – ҮШ – ИШ – ИШ
ӨШ	ШӨ – ШӨ – ШӨ – ШҮ	ҮШ – ҮШ – ҮШ – ҮШ
ИШ	ШИ – ШИ – ШИ – ШИ	ӘШ – ӘШ – ИШ – ИШ

3. Буындарды қайтала және сөзді айт (2-3 реттен):

**ШЕ**

ше – ше – ше – шеге	ше – ше – ше – шеше
ше – ше – ше – шетен	ше – ше – ше – шеп
ше – ше – ше – шешен	ше – ше – ше – шеке
ше – ше – ше – шет	ше – ше – ше – шен
ше – ше – ше – шешу	ше – ше – ше –

шекпен

ше – ше – ше – неше	ше – ше – ше – кеше
---------------------	---------------------

**ШИ**

ши – ши – ши – шие	ши – ши – ши – шипа
--------------------	---------------------

	ши – ши – ши – шикі	ши – ши – ши –
машина		
	<b>ШҮ</b>	
	шү – шү – шү – шүмек	шү – шү – шү – шүйде
	шү – шү – шү – шүйгін	
	<b>ШӘ</b>	
	шә – шә – шә – Шәке	шә – шә – шә – Шәкен
Шәуешек	шә – шә – шә – Шәмші	шә – шә – шә –
	<b>ШӨ</b>	
	шө – шө – шө – шөме	шө – шө – шө – шөп
шөпшек	шө – шө – шө – шөгінді	шө – шө – шө –
	шө – шө – шө – шөкім	шө – шө – шө –
шөміш		
	<b>ШІ</b>	
	ші – ші – ші – әнші	ші – ші – ші – күйші
	ші – ші – ші – биші	ші – ші – ші – кенші
	ші – ші – ші – шөпші	ші – ші – ші – етікші

4. Буындарды қайтала және сөзді айт (2-3 реттен):

	<b>ӨШ</b>	
	өш – өш – өш – өшу	өш – өш – өш – өшкін
	өш – өш – өш – көш	
	<b>ЕШ</b>	
	еш – еш – еш – ешкі	еш – еш – еш –
ештеңе		
	еш – еш – еш – кеш	еш – еш – еш – пеш
	еш – еш – еш – әтеш	еш – еш – еш – шеш
	<b>ҮШ</b>	
	үш – үш – үш – үштік	үш – үш – үш – үш
	үш – үш – үш – күш	
	<b>ІШ</b>	
	іш – іш – іш – сенгіш	іш – іш – іш – көнгіш
	іш – іш – іш – ішік	

5. Тек сөздің басы айтылады, ал бала оған ш' дыбысын қосып аяқтайды және сөзді толығымен айтады:

	кеш	кө...	әте...	кү...
			көнгі...	
сенгі...	пе...	ше...	Қабде...	ү...

6. Сен баста, ал мен аяқтаймын (бала буындарды айтады, ал ересек қажетті буынға екпін түсіріп, сөйлемді аяқтайды):

Ше – ше – ше – қақтым мен шеге.

Ше – ше – ше – біздің Айдос шешен.

Шү – шү – шү – мал беттеді шүйгінге.

Шө – шө – шө – мен үйдім шөме.

Ші – ші – ші – менің әкем әнші.

Ші – ші – ші – неткен епті күйші.

Ши – ши – ши – міне қызыл шие.

Іш – іш – іш – мен кидім ішік.

Өш – өш – өш – сен қыстауға көш.

Еш – еш – еш – сен суды кеш.

Ескерту: Осы мәтінді бала толық есіне сақтаған кезде, баламен бұл мәтінді рөл алмасу арқылы орындауға болады.

7. Сөздерді қайталап шық және аталған сөздердің ішіндегісінің қайсысы жеуге жарамды қайсысы жарамсыз екендігін ата. Бұл жердегі ең дәмді не екен?

шеге            шөп            машина            шие            әтеш            ішік            күшік

8. Қайталауға арналған сөздер:

Әтеш, шие, шеге, ешкі, машина, шәугім, шәйнек, пеш, кеш, кимешек, шөме, үш, күшік, шекпен, ішік, биші, күйші, әнші, етікші.

## ДЫБЫСТАРДЫ ДҰРЫС АЙТАЙЫҚ

### Жаңылтпаштар

1. Шеше, шеше,  
Неше кесе  
Сынды кеше?

2. Шабысты ат,  
Шапшаң шапты,  
Шапшаң шауып,  
Тауды тапты.

3. Шанабай саба пісті,  
Шамамен санап пісті.

4. Шошыттың үш құсты,  
Шошытып үш құс ұшты.

4. Кеше кешке,  
Отын салдым кіші пешке,  
Кіші пешке отын салдым,  
Кеше кешке.

6. Үш ішік піштім,  
Ішікті кішік піштім.  
Кішік ішік піштім,  
Үш ішік піштім.